

Ақмола облысы, Аршалы ауданы  
«Аршалы Балалар шығармашылық орталығы» МКҚК

**«Менің отбасым»** тақырыбындағы

**«Ғажайып қазақ тілі»**

Үйірмесінің ашық сабақ жоспары

Дайындаған және өткізген:  
қосымша білім беру педагогы Мұратхан А.  
e-mail: cdt\_ar@mail.ru

Аршалы 2016 жыл

## **Сабақтың тақырыбы: «Менің отбасым» - моя семья.**

### **Сабақтың мақсаты:**

#### **Білімділік, дамытушылық мақсаты:**

«Менің отбасым» тақырыбын өте отырып, оқушылардың сөздік қорын арттыру. Осы тақырып арқылы бірнеше жаңа сөздерді естеріне сақтату, қайталатып сұрату. Отбасы тақырыбында жаңа сөздерді қолдана отырып, білімін, қызығушылығын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

#### **Тәрбиелік мақсаты:**

Ең біріншіден, қазақ тілінде отбасы мүшелері туралы атауларды дұрыс атауға, дұрыс жазуға ынталандыру. Екіншіден, тілдік қорын дамытуға, мейірімділік пен сыпайылыққа үйрету. Ең бастысы оқушылардың қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс меңгергеніне баса назар аудару.

### **Сабақтың барысы:**

1. Кіріспе – ұйымдастыру кезеңі
2. Негізгі бөлім – жаңа тақырыпты өту
3. Қорытынды жасау.

#### **I. Ұйымдастыру кезеңі.**

Қонақтармен амандасу, оқушылармен амандасу, орындарына отырғызу. Қалдарын, денсаулықтарын, сабақтарын сұрау. Осының бәрі қазақ тілінде өтіледі.

Оқытушы: Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар! Сәлеметсіңдер ме, балалар?

Оқушылар: Сәлеметсіз бе, амансыз ба, есенсіз бе? – деп әр түрде жауап береді.

Оқытушы: Қалдарыңыз қалай?

Оқушы: қалымыз жақсы, өте жақсы, орташа – деп жауап қатады. Т.б.

Оқушылар кеше қандай мақал өттік?

1. *Ата – бәйтерек, Бала – жапырақ.*

2. *Ананың сүт- бал, Баланың тілі – бал.*

**Біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Менің отбасым».**

**Отбасым – алтын бесік.**

**Сабағымыздың мақсаты:** Отбасы мүшелерін қазақша атау, оны күнделікті тұрмыста қолдана білу.

Итак, ребята, сегодня наша тема урока «Моя семья». Цель урока: уметь правильно называть членов семьи и родственников, на казахском языке. Так же использовать эти слова в повседневном разговоре.

**Сабақтың түрі:** тіл дамыту.

Әкем мен анам бар.

Әкемнің әкесі –

Ақ басты Атам бар.

Әкемнің шешесі –

Ақ шашты Әжем бар.

Ұлдардың үлкені –  
Бір туған ағам бар,  
Қыздардың үлкені –  
Бір туған әпкем бар.

Ұлдардың кішісі -  
Бір туған інім бар,  
Қыздардың кішісі-  
Бір туған қарындас  
Әпкеге – сіңілі бар.

## **II. Негізгі бөлім – Жаңа тақырыпты пысықтау.**

### **Сөздік қор - лексикалық минимум:**

Отбасы (жанұя) – семья

Отбасы мүшесі – член семьи

Бауыр – родной

Әке – отец, папа

Ана – мать, мама

Әже – бабушка

Аға – брат

Әпке – сестра

Қарындас (сіңілі) – сестренка

Қызым – дочка

Ұлым – сынок

Нағашы – родственник по линии матери

Ата – ана – родители

## **I. Тапсырма:**

### **Сөз тіркесі – словосочетания**

Менің отбасым – моя семья, сенің ата – анаң – твои родители, менің нағашым – мои родственники по линии матери, сендердің інілерің – твои братья, әжемнің шөбересі – правнук бабушки, атасының немересі – дедушкин внук.

Отбасы.

Менің отбасым.

Менің отбасым үлкен.

Менің отбасым тату тұрады.

Отбасымда әкем, шешем, ағам бар.

Менің үш бауырым бар. Бір ұл, екі қыз.

Сөз тіркесінен сөйлем құрамыз:

Сенің ата – анаң мұғалім. Твои родители педагоги. Лизаның ағасы студент.

Никитаның әпкесі сегізінші сыныпта оқиды.т.б.

**2. тапсырма: «Адасқан әріптер» әріптерден сөздер құрау.**

**с,б,ы,о,т,а.**

**ұ,я,а,н,ж**

**у,а,р,ы,б**

**р,а,н,а,д,ы,с,қ**

**ш,а,ы,ғ,н,а**

**3. тапсырма: Керекті әріптерді қойып жаз.**

- **Же ... ге, абыс ...н, ж...ен, к...йеу, б...ле, қ...дағи, на...ашы, ке...ес, пар...сат, м...нез, адам...ерш...лік, қ...рмет, мәден...ет, с...ю, жақсы к...ру, ақ...л, не...ене, сі...лі.**

**Физминутка-сергіту сәті**

Бес саусағым шаршады

Бес саусағым шаршады

Онсаусағым шаршады

Шаршағанын қойсын деп

Шаршағанын қойсын деп

Билеп, билеп аламыз

Билеп, билеп аламыз

Ребята вам понравилась физминутка!

**4. тапсырма: Теңін тап.**

<b>Отбасы</b>	<b>Родители</b>
<b>Ата – ана</b>	<b>Осень</b>
<b>Іні</b>	<b>Умный</b>
<b>Ұлым</b>	<b>Веселый</b>
<b>Нағашы</b>	<b>Глаза</b>
<b>Қарындас</b>	<b>Золото</b>
<b>Ақылды</b>	<b>Сестренка</b>
<b>Көңілді</b>	<b>Семья</b>
<b>Алтын</b>	<b>Сынок</b>
<b>Қараша</b>	<b>Осень</b>
<b>Көз</b>	<b>Ноябрь</b>
<b>Күз</b>	<b>Братишка</b>

**IV. Сабақты қорыту.**

Үйге берілген өлеңдерін айтады.